

ӘОЖ 811.512.122 36

С.М. Иманқұлова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.,  
Алматы қ., Қазақстан,  
e-mail: isalta\_69@mail.ru

### Тілді меңгертуді жетілдіру жолдары

Қазіргі қоғамда қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту – тіл маманының ғана емес, қоғамның да жедел шешуге тиіс міндеттерінің өзектісі. Бұл мәселе жаңа буын электронды білім беру ресурсы (ЖБ ЭББР) арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі ақпараттар қарқыны аса жылдам дамыған ғасырда ерекше басымдыққа ие болып отырған электронды білім беру ресурстары арқылы тілді оқып-үйренудің шексіз мүмкіндігін көрсету – мемлекеттік тілдің қарыштап дамуына зор үлес қосады.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, жаңа буын электронды білім беру ресурсы, белсенді қолдану, зор үлес, шексіз мүмкіндіктер.

С.М. Иманқұлова

#### Пути улучшения изучения языка

Развитие казахского языка на основе его активного функционирования во всех сферах является актуальной задачей не только языковедов, но и всего общества, решение которой должно быть безотлагательным. Эти задачи могут быть реализованы с помощью использования возможностей ЭОР НП (электронные образовательные ресурсы нового поколения). В наш информационный век, когда весь мир стал одной большой информационной «биржей», именно посредством интернет-ресурсов, обладающих особыми приоритетами, можно обучить языку, что внесет большой вклад в интенсивное развитие государственного языка.

**Ключевые слова:** казахский язык, электронные образовательные ресурсы нового поколения, активное функционирование, большой вклад, безграничные возможности.

S.M. Imankulova

#### Ways of improving language

The development of the Kazakh language, based on its active functioning in all areas, is an important task not only for linguists, but for the whole society, and its solution should be urgent. These objectives will be accomplished through the use of electronic educational resources of the new generation. In the information age, when the whole world has become one big information «exchange», it is through the internet-sites with specific priorities language can be taught, and it will contribute to the rapid development of the state language.

**Key words:** the Kazakh language, electronic educational resources of the new generation, active functioning, great contribution, unlimited possibilities.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050. Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында оқыту әдістемелерін жаңғырту және отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістер мен құралдарды қарқынды енгізуге, оңтайлы шешу жолдарын қарастыруға тапсырма берді [2, 5–6].

Әлемдік білім кеңістігіне қосылудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына жағдай жасау, жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру оқу үдерісінің мазмұнын жаңа әдіснамалық тұрғыдан қайта қа-

рауды талап етеді. Ол үшін білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіріп, осы әлемдік білім кеңістігімен ықпалдастыру – білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастырудың жолы болып табылады.

Бүгінгі оқытушы өз саласы бойынша тек жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен шектеліп қана қоймай, білім берудегі ұлттық дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарап, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау керектігін жақсы түсінеді.

Тілдік тұлғаның бойындағы ашылмаған, сыры мол мүмкіндіктерді қалай дамытуға болады, оның өзіндік ізденісін қалай қалыптастырамыз деген мәселелермен кез келген тіл үйретуші бет-бет келіп, соның шешімін іздей бастайды.

Аталған міндетті шешу үшін *оқыту әдістемелерін жаңғырту*, яғни заманауи технологиялар арқылы тіл үйренудің тиімді жолын қарастыру мәселесі туындайды. Техника құралдарының қарыштап дамып жатқан қазіргі кезеңінде «жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу» үшін алдымен соған лайық заманауи құралдармен қаруланған аудитория болу қажеттігі ескеріледі.

Жаңа буынның электронды білім беру технологияларын құру және пайдалану білім беру жүйесін жаңғыртудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Ол оқытушыға да, білім алушыларға да көптеген міндеттер жүктейді. Мысалы, оқу материалдарының жаңа түрлерін дайындау, олардың оқу үрдісінде қолдану тәсілдері мен қызметтерін жетілдіру, ақпараттық технологияны тиімді қолдана білу, үнемі ізденісте болу, техниканың жаңа мүмкіндіктерінен хабардар болу және т.с.с. күрделі мәселелерді шешуге тура келеді.

Осы мәселені зерттеп жүрген педагог-ғалымдардың (Пичкуненко Е.А., Везиров Т.Г., Бордовский Г.А., Готская И.Б., Ильина С.П., Снегурова В.И.) болжамы бойынша, жаңа оқу материалы: оқу ақпараты, дидактикалық инновация, жаңа ақпараттық технологиялардың бірлесе жүзеге асуы арқылы даярланады [1, 3–5]. Осы бірлестіктің нәтижесінде сапалы жаңа оқу өнімі, яғни, «ақпарат + дидактикалық инновация + компьютер» сызбасы іске қосылады.

Жаңа буын оқулығында: психологиялық-педагогикалық, жалпы дидактикалық, әдістемелік, технологиялық қағидаттар басшылыққа алынады.

Аталған қағидат жаңа буын электронды білім беру ресурсы (ЭОР НП – Электронные образовательные ресурсы нового поколения) моделін құрудың негізіне айналып, білім берудің

басқа да құралдарымен байланыста бірыңғай оқу-әдістемелік кешенді құрайды. Ол терминнің мағынасын ашатын болсақ, электронды білім беру ресурсы дегеніміз (ЭББР) – электронды құрылғылар арқылы оқу материалдарын пайдалану. Яғни, қазіргі заманғы компьютер арқылы тыңдау, көру, сөйлесу, жазу т.б. операцияларды орындай отырып, сабаққа қажетті материалдарды пайдалану. ЭББР-ның оқулықтан айырмашылығы өте көп. Ең негізгі артықшылығы – материал қағаз жүзінде емес, компьютер экраны арқылы жүзеге асады. Бірнеше мультимедиялық өнімдерге ие. Multimedia – ағылшын тілінен аударғанда «көптеген тәсіл» дегенді білдіреді. Яғни, адамның көру жүйесі мен есту жүйесі арқылы түрлі амал-тәсілдерді қатарынан қолдана алу мүмкіндігі. Компьютер не т.б. арқылы шынайы өмірдің көріністерін мультимедиа өнімінің сапасы анықтайды. Оның ең жоғарғы ұғымы «виртуальды шындық» болып табылады. Ол – мультимедиа компоненттерін пайдалана отырып, адам қабылдауы мен сезінуіне лайықтап беру. Тілдесушінің бет-бейнесін, сөзін, сезімін және т.б. интербелсенділік арқылы шынайы қабылдау. Interactive – ағылшын тілінде «өзара әрекет» деген ұғымды білдіреді екен. Оқу материалдарын пайдаланушы интербелсенді электронды контент арқылы оқу үрдісіне тікелей белсенді түрде араласа алады, оған әсер ете алады, өзгерте алады, және т.б. Сондықтан, интербелсенділік – электронды білім беру ресурсының ең негізгі педагогикалық құралы болып табылады.

ЭББР-нда бес жаңа педагогикалық құрал пайдаланылады екен:

- интербелсенділік;
- мультимедиа;
- модельдеу;
- коммуникативтілік;
- өнімділік.

Мультимедиа нысандарды шынайы қабылдауға көмектеседі, интербелсенділік әсер ету мен жауап беру мүмкіндігін береді, ал модельдеу зерттеу нысаны мен үрдістеріне тән реакция қалыптастырады (нысанның сапасы, түрі мен түсінің өзгерісінің визуалды көрінісі арқылы).

Коммуникативтілік – бұл тікелей қарым-қатынас жасау, ақпараттарға жылдам қол жеткізу, іс-әрекетті бақылап отыру мүмкіндігі. ЭББР бойынша, ең алдымен, кез келген білім беру ресурстарының, on-line қарым-қатынас жасаудың қолжетімділігі.

Өнімділік – тұтынушының оқу үрдісі барысында қолданған электронды ресурстар ар-

қылы нәтижеге қол жеткізуі. Бұл – педагогикалық құралдың ішіндегі оқу үрдісінің тиімділігін арттыратын ең маңызды әрі тиімді тәсілі, білім алушының өз бетімен жұмыс істеуіне берілетін жаңа мүмкіндік көзі ретінде қарастырылады.

ЖБ ЭББР (Жаңа буын электронды білім беру ресурсы) – түрлі өндірушілердің әр түрлі уақытта, әр түрлі жерде шығарған желілік өнімі. Олардың құрылымы, бағдарламалық құралдарды жаңғырту, тұтынушы интерфейсі бірыңғай жүйеге түскен. Соның нәтижесінде ЖБ ЭББР үшін тәуелсіз сақтау тәсілі, шығарушы компания ресурстарын іздеу мен пайдалану, шыққан уақыты мен орны сияқты мәселелер шешімін тапқан. Яғни, оқыту үрдісінде білім алушының өз бетімен жұмыс жасауына, ізденуіне, қажетті материалдарды сұрыптап, жинақтауына, оны тиімді қолдануына жасалған жағдай. Атап айтар болсақ:

- жаңа ақпараттарды таңдауға;
- жаңа оқу материалын меңгеруге;
- лабораториялық және практикалық жұмыстарды орындауға;
- виртуальды лабораторияда модельдерді талдау мен құруға;
- оқу үрдісінде «жеке» өнімін: конспект, реферат, жоба және т.б. құрастыруға;
- шеберлік пен дағды қалыптастыруға;
- баяндамалар мен презентациялар дайындауға;
- байқау, олимпиада, интеллектуалды турнирлерге дайындалуға;
- оқу-зерттеу жұмыстарын орындауға;

• аралық және ағымдық бақылауға арналған тестілеу жүргізуге ықпалын тигізеді.

Қорыта келгенде, тілді меңгертуге арналған жаңа буын электронды білім беру ресурсын даярлау мен қолдануда күтілетін нәтиже:

- барлық білім жүйесі үшін (орта білім, арнаулы орта, жоғары білім, ересектерге арналған курстар) мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтайтын бірыңғай біліктілік талаптары мен тіл білуді бағалаудың ортақ нормалары қалыптасады;
- қазақ тілін оқытудағы құрылымдық-жүйелілік бағыт сақталып, соны жандандырып жүрген қазақ тілінің озық оқытушыларының тәжірибелері таратылады;
- қашықтықтан оқыту жүйесіндегі оқулықтар мен оқу құралдары, анықтағыштар, көрнекі құралдар, электронды оқулықтар мен мультимедиялық кешендердің дамуына жол ашылады, уақыт өте келе бәсекеге қабілеттілері іріктеледі;
- ақпараттық технологияның қазақша атаулары қалыптасады;
- тіл үйренудің шексіз мүмкіндігі қазақ тілінің қолданыс аясын арттырады;
- мемлекеттік тілге қызығушылық білдірген тілдік тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі артады, бұл өз кезегінде тілдік кедергілерді жоюға көмегін тигізеді.
- қазақ тілінің кәсіби саладағы қызметі жанданады, қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі беделі артады;
- қоғамда қазақ тіліне деген құрмет қалыптасады және оны үйренуге уәжілік туады.

#### Әдебиеттер

- 1 Бордовский Г.А., Готская И.Б., Ильина С.П., Снегурова В.И. Использование электронных образовательных ресурсов нового поколения в учебном процессе: научно-методические материалы. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2007. – 31 с.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.

#### References

- 1 Bordovski G.A., Gotskaya I.B., Ylina S.P., Snegyrova B.I. Yspolzobanya elektronnyh obrazobatelnyh resyrsov nobogo pokolenya b yzhebnom prossese: Nayzhno-metodizheskye materially. – SPb.: Izdatelstbo RGPY imeni A.I. Gersena, 2007. – 31 p.
- 2 Nasarbaev N.A. «Kazakhstan-2050»: Strategyasy kalyptaskan memlekettyn jana sayasi bagyty» atty Kazakhstan halkyna joldayi. – Astana, 2012.